

Г. Ризаходжаева^{1*}, М. Акешова², Г. Юсупова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

*e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru

ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫ НЕГІЗІНДЕ МАГИСТРАТУРА БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАҢАРТУ: АКАДЕМИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Сапалы білім – Білімді ұлт» ұлттық жобасында іс-әрекеттерді зерттеу (AR) тәсілін білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізу көзделеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) болашаққа бағдарланған «Білім және Дағдылар 2030» жобасына сәйкес сапалы білім, дағдылар, қабілеттер мен құзыреттер, үздіксіз оқыту, мақсат қою, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық, өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеуді жақсарту мен дамытудың, «оқытуды оқытудың», когнитивтік және метакогнитивтік дағдылардың маңыздылығы, «үйренуді үйрену», когнитивтік және метакогнитивтік дағдылар. Осы саладағы көптеген зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, магистрлік зерттеулер мен академиялық жазу дағдыларын қалыптастыру кезінде отандық және шетелдік деңгейлерде анықталған проблемалар теория мен практика арасындағы алшақтыққа, ақпараттық-коммуникативтік дағдылардың төмен деңгейіне, статистикалық деректерді өңдеудегі қиындықтарға, ақпараттық бағдарламаларды қолдана отырып библиографиямен жұмыс істеуге байланысты. Мақалада теория мен практика арасындағы алшақтықты жою, магистрлік диссертациялар мен академиялық жазудың ғылыми зерттеу сапасын арттыру мақсатында Қазақстанның магистрлік бағдарламасы шеңберінде іс-әрекеттегі зерттеу жобасын дәйекті іске асыру қажеттілігі қарастырылады. Бұл дәлел ZOOM платформасындағы іс-әрекеттегі зерттеу жобасы негізінде үш циклде бірлескен эксперименттік зерттеу арқылы расталды (бұл платформа – филология факультетінің I курс студенттерінің оқу үлгеріміне когнитивті және метакогнитивтік оқу стратегияларының әсерін анықтау мақсатында білім беру процесінде белсенді қолданылады және техникалық, ұйымдастырушылық және креативті сипаттағы артықшылықтарға ие ең қолжетімді ресурс). Ұсынылған жобаны табыстылық критерийлерінің талаптарына сәйкес жетілдіру және оны Қазақстанның ғылыми-педагогикалық бейінінің магистрлік бағдарламасына енгізу білім және ғылым саласындағы теория мен практика мәселелерін шеше алады.

Түйін сөздер: іс-әрекеттегі зерттеу жобасы, іс-әрекеттегі зерттеу әдіснамасы, магистрлік диссертация, теориялық білім, педагогикалық практика, эксперимент, танымдық және метатанымдық стратегиялар.

G. Rizakhojayeva^{1*}, M. Akeshova², G. Yussupova¹

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan

²International University of Tourism and Hospitality Kazakhstan, Turkestan

*e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru

Update of the Master's Program on the Basis of Action Research Project: Academic Skills Development Issues in Theory and Practice

The national project "Quality Education – An Educated Nation" provides for systematically implementing the Action Research approach in the education system. According to the future-oriented project "Knowledge and Skills 2030" of the Organization for Economic Cooperation and Development (OECD), quality education, skills, abilities and competencies, continuous learning, goal setting, critical thinking, creativity, self-awareness – The importance of improving and developing self-regulation, "learning to learn", cognitive and metacognitive skills. The problems identified at the domestic and foreign levels in the formation of Master's research and academic writing skills, according to the results of numerous studies in this field, are associated with the gap between theory and practice, low level of information and communication skills, difficulties in processing statistical data, working with bibliography using information programs. The article considers the need for consistent implementation of the research project in action within the framework of the Master's program of Kazakhstan to bridge the gap between theory and practice and improve the quality of scientific research of Master's theses and academic writing. This argument was confirmed by a collaborative experimental study in three cycles based on a research

project in action on the ZOOM platform (because this platform is actively used in the educational process and is the most accessible resource while having advantages of both technical, organizational, and creative nature), to determine the impact of cognitive and metacognitive reading strategies on the academic performance of first-year students of the Faculty of Philology. The improvement of the proposed project by the requirements of the success criteria and its introduction into the Master's program of the scientific and pedagogical profile of Kazakhstan can solve the problems of theory and practice in the field of education and science.

Key words: Action Research project, Action Research methodology, master's dissertation, theoretical knowledge, pedagogical practice, experiment, cognitive and metacognitive strategies.

Г. Ризаходжаева^{1*}, М. Акешова², Г. Юсупова¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан, г. Туркестан

²Международный университет туризма и гостеприимства, Казахстан, г. Туркестан

*e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru

Модернизация магистерской программы на основе проекта исследования в действии: проблемы теории и практики развития академических навыков

В национальном проекте «Качественное образование – образованная нация» предусматривается систематическое внедрение подхода Action Research в систему образования. Согласно ориентированному на будущее проекту «Знания и навыки 2030» Организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР): качественное образование, навыки, способности и компетенции, непрерывное обучение, постановка целей, критическое мышление, творчество, самосознание – улучшение и развитие саморегуляции, «обучение обучению», когнитивные и метакогнитивные навыки – ключевые векторы развития учащихся. Проблемы, выявленные в отечественной и зарубежной практике согласно исследованиям при формировании навыков магистрантов по НИР и академическому письму, связаны с разрывом между теорией и практикой, низким уровнем информационно-коммуникативных навыков, трудностями при обработке статистических данных, работой с библиографией с использованием информационных программ. В статье рассматривается необходимость последовательной реализации проекта по исследованию в действии в рамках магистерской программы Казахстана с целью преодоления разрыва между теорией и практикой, повышения качества научного исследования магистерских диссертаций и академического письма. Данный аргумент был подтвержден путем коллаборативного экспериментального исследования с целью определения влияния когнитивных и метакогнитивных стратегий чтения на академическую успеваемость студентов первого курса факультета филологии. Изучение проведено в трех циклах на основе проекта исследования в действии на платформе ZOOM (т.к. данная платформа активно используется в образовательном процессе и является наиболее доступным ресурсом, имея при этом преимущества как технического, организационного, так и креативного характера). Совершенствование предложенного проекта в соответствии с требованиями критериев успешности и внедрение его в магистерскую программу научно-педагогического профиля Казахстана может решить проблемы теории и практики в области образования и науки.

Ключевые слова: проект исследования в действии, методология исследования в действии, магистерская диссертация, теоретическое знание, педагогическая практика, эксперимент, когнитивные и метакогнитивные стратегии.

Кіріспе

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында Қазақстан мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарына іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research), сабақты зерттеу (Lesson Study) тәсілдері енгізіліп, тәжірибеде қолдану барысында мұғалімдердің зерттеудің теориялық және әдіснамалық білімдері мен кәсіби біліктілік, рефлексивтік зерттеу, уақытты ұтымды басқару дағдылары деңгейінің төмендігін байқауға болады (Nagibova, G., 2019a) [1]. Жоба басқару біліктілігінің жеткілікті дәрежеде болмауы жоғары білім беру жүйесінде де кездесіп

отыр. Мысалы, университетті аккредиттеу критерийлеріне сәйкес жоба арқылы ұтымды басқаруда анықталынған іс-әрекеттегі зерттеу (AR) жобасы қиындықтары: жоба басқару барысында шешім қабылдау біліктілігінің төмендігі, қаржыландыру шектеулігі себебінен басқарушы мен қызметкерлердің жобаны сәтті жүзеге асыруындығы қиындықтары, ұымдас-тырушылық мәдениет, AR және жоба басқару білімі, тәжірибесінің төмендігі (Mukhtarova, A., & Smith, A., 2014) [2].

Халықаралық деңгейде зерттеуші-мұғалімдердің AR тәжірибесінде анықталынған қиындықтар ауқымы айтарлықтай ұқсас: AR ту-

ралы этикалық, теориялық, әдістемелік және әдіснамалық білім, біліктілік, құзыреттіліктердің жеткіліксіздігі, зерттеу мақсат-міндеттерін, зерттеу сұрақтарын анықтау, зерттеу жобасы жоспарын құрудағы қиындықтар, зерттеу мәліметтерін жинау, сандық, сапалық және рефлексивтік талдау мәселелері, мұғалімдердің оқу бағдарламасы, жоспарына сәйкес зерттеу сабақтарын жүргізу қажеттілігі, уақыт тапшылығы, AR тәсілінің оқу үдерісінде жүйелі жүргізудің маңыздылығын түсінбеушіліктен мұғалімдердің белсенді іс-әрекеттегі зерттеуге деген ынтасы мен құлшынысының төмендігі, оған қоса, Қазақстан зерттеуші-мұғалімдерінің АКТ дағдыларын дамыту қажеттілігі. Іс-әрекеттегі зерттеу оқулықтарының көпшілігі ағылшын тілінде болғандықтан, бұл тәсілді жетік меңгеруде ағылшын тіл білімінің жеткіліксіздігін айтуға болады (Nagibova, G., 20196) [1], (Pearson, J., 2017) [3], (Ellis, N., & Loughland, T., 2016) [4], (Kunlasomboon, N., Wongwanich, S., & Suwanmonkha, S., 2015) [5], (Dehghan, F., & Sahragard, R., 2015) [6], (Ulla, M.B., 2018) [7].

Шетелдік тәжірибеде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде теория мен практиканы өзара байланыстыру мақсатында магистратура, докторантура бағдарламаларына AR жобаларын енгізу үрдісі кеңінен қолданылуда және ол өзінің тиімділігін дәлелдеуде. Мысалы, ProQuest мәліметтер базасының статистикалық талдауын жүргізген M.Vaughan және G. Burnaford (2016) тұжырымдауынша, EdD және PhD бағдарламалары диссертацияларында іс-әрекеттегі зерттеудің әдіснама ретінде қолданылу деңгейінің соңғы 14 жыл ішінде өскендігін көрсетті (Vaughan, M., & Burnaford, G., 2016) [8].

AR тәсілі кәсіби іскерлік, кәсіби құзыреттілікті дамыту, педагогикалық тәжірибені жетілдіруі, басқару және ұйымдастыруға бағытталған оқу арқылы көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруымен дәстүрлі зерттеуден ерекше (Zuber-Skerritt, O., & Perry, C., 2002) [9]. C.Eden & F. Ackermann (2018) 3 циклдік теориялық зерттеуге негізделген AR жүргізу нәтижесінде іс-әрекеттегі зерттеудің әдісті дамыту және стратегия құруы, ал әдістің теорияны дамытуына ықпал етуін анықтады, AR әдісін дамытып, оны стратегиялық менеджмент саласында пайдаланудың тиімділігін дәлелдеді (Eden, C., & Ackermann, F., 2018a) [10].

AR тәсілін магистрлік үздіксіз практикада қолдану магистр-мұғалімдердің рефлексия жасау және педагогика-психологиялық практика дағдыларын жақсартуымен бірге мұғалім-

оқушы арасында жеке, ынтымақтастық қарым-қатынасының орнығуы, оқушылардың өз пікірін, дауысын ашық білдіруге жол ашатындығын көрсетті (Rogers, D., Bolick, C. M., Anderson, A., Gordon, E., Manfra, M. M., & Yow, J., 2007) [11].

Бұл мақаланың мақсаты – іс-әрекеттегі зерттеу жобасы моделін Қазақстан магистратура бағдарламасына жетілдіріп енгізуді ұсыну, магистранттардың диссертация тақырыптарын теориялық және практикалық тұрғыдан терең зерттеуде іс-әрекеттегі зерттеу жобасының тиімділігін дәлелдеу.

Теория және практикаға бағдарланған (Zuber-Skerritt, O. (Ed.), 1991/1996) [12], (Zuber-Skerritt, O., & Fletcher, M., 2007a) [13] іс-әрекеттегі зерттеу тәсілін пән ретінде университеттің бакалавриат және магистратурасына енгізу маңызды (Rizakhoyayeva, G.A., & Ibadullayeva, N.S., 2020) [14], (Hine, G.S., 2013) [15]. Қазақстан магистратура бағдарламасын жетілдіру, яғни іс-әрекеттегі зерттеудің теориялық пәнін магистратураның 1-курсына енгізу, ал 2-курстан практикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру маңызды. Магистранттардың таңдаған диссертация тақырыптарын AR жобасы басшылығында үздіксіз педагогикалық практикада ғылыми зерттеуі, арнайы жетістік критерий талаптарымен құрылған іс-әрекеттегі зерттеу рубрикасы (Spencer, J.A., & Molina, S.C., 2018) [16] негізінде өзіндік бағалауы орынды.

Әдістер мен материалдар

Отандық және шетелдік деңгейде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде теория мен практиканың алшақтығы (Прохорова, И.К., 2015) [17], (Федина, Н.В., Бурмыкина, И.В., Зияутдинов, В.С., Кретов, Д.В., & Смирнов, М.Ю., 2016) [18] салдарынан ғылыми зерттеу, ғылыми педагогика бағытын дамыту, жанарту мәселелері көтеріліп, оларды шешу жолдары ретінде аралас оқыту (Абыкенова, Д.Б., Асаинова, А.Ж., 2017a) [19], психология-педагогика саласына бағытталған кәсіби-бағдарланған практика моделін енгізу (Землянская, Е.Н., & Ситниченко, М.Я., 2015a) [20], педагогикалық практикаға баса назар аударып, педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік бағытындағы практикаларды тізбектеп семестрлерге енгізу арқылы практикалық-бағдарлы оқытуды қолдау (Бороненко, Т.А., & Федотова, В.С., 2014a) [21] қарастырылған.

Халықаралық деңгейдегі ғылыми зерттеу басылымдарының өнімділігі мен өзектілігін

көрсететін Web of Science мәліметтер қорына негізделген ақпараттық SWOT-талдау (Strengths, Weaknesses, Opportunities, Threats) әлеуметтік ғылымның бір саласы болып табылатын педагогикалық зерттеу бағытындағы қазақстандық зерттеушілердің жарияланымдары және оларға сілтеме беру белсенділігінің төмендігін көрсетті (Национальный доклад по науке, 2019:38-39). [22].

Педагогикалық университеттерде ғылыми эксперименттерге негізделген терең эмпирикалық зерттеулердің педагогикалық практикада жиі жүргізілмеуі, білім беру жүйесінде ғылыми бағыттағы зерттеулердің даму деңгейінің төмендігі, жоғары кәсіби мамандарды даярлауда практикалық-бағдарлы оқыту тәсілінің жүйелі түрде қолданылмауы, ал дәстүрлі оқыту негізінде қалыптасқан ақпараттық-пәндік, танымдық оқытудың басымдылығы жоғарыда айқындалған мәселелер ауықымын кеңейтуде (Абиль, Р.Е., & Жумақанова, У.С., 2019) [23]. Мысалы, Д.Б. Абыкенова, А.Ж. Асаинованың ғылыми-педагогикалық бағытта білім алатын 147 магистранттарының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында алған сауалнама нәтижелері Қазақстандағы магистранттардың көпшілігінде АКТ құралдарын қолдану белсенділігі жоғары, ал ғылыми-педагогикалық зерттеу саласында ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік деңгейі төмендігін көрсетті (Абыкенова, Д.Б., Асаинова, А.Ж. 2017б) [19].

Е.Н. Землянская, М.Я. Ситниченко Ресей елінде педагогикалық практика мәселелерін анықтап, оларды шешу жолдарын былайша тұжырымдайды: педагогтердің кәсіби қызметінің стандартына магистранттардың практика бағдарламаларының толықтай сәйкес келмеуі, университеттің мектеп өмірі тәжірибесінен оқшаулануы, қазіргі заман студенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын, жаңа инновациялық ақпараттандыру талаптарына толық сәйкес келмейтін дәстүрлі әдіс-тәсілдердің жоғары оқу орындарында қолданылуы сияқты мәселелері анықталды (Землянская, Е. Н., & Ситниченко, М. Я., 2015б) [20].

Ресей зерттеушілері Т.А. Бороненко, В.С. Федотова тұжырымдауынша, мектеп қабырғасындағы педагогикалық қызметке университет түлектерінің қызығушылықтарының болмауы, жаңашыл педагогикалық инновациялық жобаларды әзірлеп мектептерге енгізетін мұғалім-зерттеушілерді кәсіби даярлау мәселелері, практика мақсаты және шынайы оқу үрдісіндегі нәтижелері арасында қарама-қайшылықтар,

теориялық оқыту мен оқу үрдісіндегі кәсіби педагогикалық мақсат-міндеттерді тиімді орындау арасындағы алшақтық сияқты мәселелер өзекті (Бороненко, Т.А., & Федотова, В.С., 2014б) [21].

Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің әдіснамасын, түрлерін, модельдерін ұсынған зерттеушілердің саны біршама көп (Burns, A., 2005) [24], (Kemmis, S., McTaggart, R., & Nixon, R., 2014) [25], (Mckernan, J., 1996) [26], (McNiff, J., & Whitehead, J., 2011) [27]. Ғылыми зерттеу бағытындағы іс-әрекеттегі зерттеу жобасымен айналысатын зерттеушілердің пікірінше, іс-әрекеттегі зерттеу жобасының циклдік қайталанған кезеңдері теория және практикаға өзгеріс енгізуде, жаңа теориялық білім және де өзіндік трансформация қалыптастыруда аса маңызды (Eden, C., & Ackermann, F., 2018б) [10], (Zuber-Skerritt, O., & Fletcher, M., 2007б) [13].

О. Zuber-Skerritt & M. Fletcher тұжырымдауынша, сапалы іс-әрекеттегі зерттеу – бұл этикалық норма талаптарына жауап бере отырып, білім беру үрдісіндегі жағдаятты мәселені анықтау, зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, мәселені шешуге бағытталған теория мен практиканың, әрекет пен рефлексияның өзара тығыз байланысы (Zuber-Skerritt, O., & Fletcher, M., 2007в) [13]. Ал J.McNiff & J. Whitehead іс-әрекеттегі зерттеу жазба жұмыстары жарияланымдарында теорияның, теориялық мәселелердің жоқтығы нәтижесінде жаңа теориялық білімнің қалыптасуына ықпал етпеуін сынға алады (McNiff, J., 2016a:131) [28]. Теориялық білімнің пайда болуын J.McNiff & J. Whitehead іс-әрекеттегі зерттеу әдіснамасының негізгі қадамдарында ашып көрсетті (McNiff, J., 2016b:10) [28]. Сәйкесінше, L.Cohen, L.Manion, K.Morrison, енгізген іс-әрекеттегі зерттеудің сегіз қадамдық үрдісінің әрбір кезеңінде рефлексия, өзіндік рефлексия, бағалау, жаңа теориялық білім қалыптастыру компоненттерінің болуы J.McNiff, J. Whitehead, O. Zuber-Skerritt, M. Fletcher тұжырымымен келісетіндігін көрсетеді (Cohen L., Manion L., Morrison K., 2018:450-451) [29].

Нәтижелер мен оларды талдау

Бірінші семестрде білімгерлер өздерінің тақырыптары контекстінде ғылыми зерттеу мәселелерін тұжырымдау үшін зерттеуге қатысушылардың қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтайды, терең әрі заманауи ғылыми-зерттеу әдіснамасын зерттеп, теориялық білім қалыптастырып, қажеттіліктерге талдау

жүргізеді. Екінші семестрде іс-әрекеттегі зерттеу жобасын жасайды, ал үшінші семестрде жобаны жүзеге асырады. Төртінші семестрде магистрлік жұмысқа талдау жүргізіп қорытындылайды. Мұндай жүйелі құрылымдағы іс-әрекет әрі магистрант, әрі тәлімгерлерге өз тиімділігін тәжірибеде дәлелдеді (Gomez, J. C., 2020) [30]. J. A. Spencer, S. C. Molina магистранттардың диссертация жұмыстарын практикада зерттеп, сапалы ғылыми диссертация жазуында магистратура бағдарламасы практикасы мазмұнын заманауи тұрғыдан ақпараттандыру, жаңарту және өзгерту мәселесін көтереді және бұл мәселені шешуде іс-әрекеттегі зерттеу жобасының тізбектелген жүйелі құрылымын ұсынады (Spencer, J. A., & Molina, S. C., 2018) [31].

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қабырғасында 14.09.2021-25.12.2021 оқу жылы аралығында 3-семестрден бастап онлайн жүйесінде практика жетекшісі басшылығында педагогикалық практика ұйымдастырылды. 2-курс МАШ-111 магистранты университеттің Филология факультеті, Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы ұйымдастырған педагогикалық (үздіксіз) практикасынан өтті. Жоғары оқу орны Филология факультеті 1-курс білім алушыларының танымдық, метатанымдық дағдыларын дамыту мақсатында 3 циклдік іс-әрекеттегі зерттеу тәсілі жүргізілді.

Жүргізілген іс-әрекеттегі зерттеу жобасының ерекшелігі:

1. Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің W. Carr & S. Kemmis жоспар құру, іс-әрекеттегі зерттеу, бақылау және рефлексия кезеңдерінен тұратын (Carr, W., & Kemmis, S., 2003) [32] әрбір циклдің 3 рет қайталанып шамамен 2,5 ай ішінде өтілуі.

2. COVID-19 пандемиясына байланысты эксперименттің онлайн түрінде, яғни ағылшын тілі сабақтарының және кафедра ұжымымен ғылыми-зерттеу жұмысын талқылаудың ZOOM платформасында, ал магистранттың ғылыми-педагогикалық бағыттағы білім алушылармен және ғылыми жетекшімен кері байланыстарының WhatsApp желісінде жүргізілуі. ZOOM платформасын қолданудың ең негізгі артықшылығы басқа платформаларға қарағанда ыңғайлы және студенттерге қолжетімді болды. Сонымен қатар, автор аталған платформаның премьер нұсқасына ие болды.

3. Эксперименттік топқа үш аптада бір рет ZOOM онлайн платформасында әрі білім алушылардың күнделікті қолданатын стратегияларын анықтау, әрі мәтін және тапсырманы орындай отырып сұхбаттасу жолы-

мен «мәтінді оқып өз ойыңды ашық білдір» тренинг-сұхбаттарының индивидуалды түрде жүргізілуі.

4. Іс-әрекеттегі зерттеу жобасының зерттеу басы және зерттеу соңында эксперименттік және бақылау топтарына жүргізілген тест, сауалнама нәтижелерінің салыстырмалы және сапалық талдау негізінде талқылануы

ЭҒЗЖ-ның мақсат-міндеттері, талаптарына сәйкес келесі ғылыми нәтижелер анықталынды:

1. Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің және мәтінді терең түсінуде қолданылатын танымдық, метатанымдық, әлеуметтік және аффективтік стратегиялардың заманауи әдіснамасына, олардың теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық негіздеріне аналитикалық талдау жүргізілді, қазіргі таңдағы даму деңгейі, өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары анықталынды.

2. Білім алушылардың бойында академиялық оқылымның танымдық және метатанымдық, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесін шешу мақсатында AR тәсілінің кешенді инновациялық жобасы әзірленді.

3. AR жобасы аясында құрастырылған 2 модель және 6 компоненттерінің құрылымдық-мазмұндық үлгілері апробациядан өтіп, тиімділігі дәлелденді, «мәтінді оқып өз ойыңды ашық білдір» инновациялық жеке тренинг-сұхбаттарын ОБӨЖ сабақтарында ZOOM платформасында қолдану эксперименттік топ мүшелерінің сыни ойлау, танымдық, метатанымдық, өзін-өзі реттеу, академиялық оқылым дағдыларын жетілдіруде өз септігін тигізді.

4. ЭҒЗЖ-ы және магистрлік диссертация жазбасы сапасын ғылыми-зерттеу жұмысы барысында критерий және дескрипторлар бойынша бағалайтын аналитикалық рубрика құрастырылды.

5. COVID-19 пандемиясына байланысты ағылшын тілі сабақтарының, тренинг-сұхбаттарының ZOOM платформасында, ал, «магистрант-білім алушы» кері байланыстарының WhatsApp желісінде жүргізілуі оң нәтиже берді. 3 циклдік AR тәсілі басшылығында өткізілген практикалық және ОБӨЖ, БӨЖ сабақтарының интеграциясы магистранттың теориялық және практикалық білімін тереңдетіп, зерттеу мәселесін шешіп, дәйекті тұжырымдама қалыптастыруына және болашаққа стратегиялық жоспар құруына жол ашты. Жобаның шынайылығы, сенімділігі, тұжырымдамалардың дәйектілігі дәлелденді.

6. Магистрлік диссертация жобасының құрылымын, нәтижелерін зерттей, зерделей отырып, «Академиялық IELTS ағылшын тілінің

халықаралық тестілеу жүйесіне дайындық» элективті курстың оқу-әдістемелік кешені әзірленді.

Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы төмендегідей:

1. Оқылымның танымдық және метатанымдық стратегияларын оқыту әдістемесін орта мектеп және ЖОО білім беру жүйесіне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына енгізу, білім беру үрдісіндегі мәселелерді шешуде инновациялық AR әдіснамасының 3 циклдік зерттеу үрдісін ғылыми-зерттеу тәжірибесін енгізу маңызды.

2. Қазақстан магистратура бағдарламасына AR жобасын 4 семестр барысында тізбектеп енгізу болашақта ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын терең зерттеуіне, жаңашыл жобалар әзірлеуіне ықпал тигізуі мүмкін.

3. Магистрлік диссертацияның жаңашыл құрылымы теория мен практика алшақтығы мәселелерін шешуге негіз болуы мүмкін. Олар: а) ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбының теориялық, эмпирикалық және әдіснамалық кезеңдеріне аналитикалық шолу жасауды құрайтын теориялық кезең, ә) апробацияға енгізу мақсатында кешенді AR инновациялық жобасын әзірлеу, модельдер және компоненттерді өз ішіне

қамтыған әдіснама кезеңі, б) жобаны жүзеге асыру: ЭҒЗЖ-ын жүргізу және IMRAD құрылымына негізделген ЭҒЗЖ-ның академиялық жазба кезеңі.

4. AR жобасының кешенді 2 моделі мен 6 компоненттері академиялық мәтінді түсіну қиындықтарын зерттеуде, оқушылардың бойында оқылымның танымдық және метатанымдық дағдыларын дамытуда, AR ғылыми-зерттеу мәселелерін шешуде зерттеуші магистранттар және мұғалімдерге көмекші әдістемелік құрал болуы ықтимал.

5. Құрастырылған «Академиялық IELTS ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесіне дайындық» элективті курстың оқу-әдістемелік кешенін практикада ұтымды қолдану әбден мүмкін. Оған қоса, элективті курс аясында AR ғылыми-зерттеу жұмысының жүргізілуі орынды.

Магистрлік эксперименттік ғылыми-зерттеу жобасының моделін (1-кесте) жетілдіріп, Қазақстан магистратура бағдарламасына енгізу маңызды.


Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың метатанымдық дағдыларын дамыту аясында жүргізілген іс-әрекетті зерттеу жобасы магистранттардың дағдысын дамытуға айтарлықтай әсерін тигізді (1-сурет).

1-кесте – Магистрлік эксперименттік ғылыми-зерттеу жобасы моделі (W.Carr & S.Kemmis, J.A.Spencer, S.C.Molina & J.C.Gomez модельдерін педагогикалық практикада қолдану негізінде құрастырылған)

Іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдері	Магистрлік диссертация мазмұнының жобамен үйлесімділігі	Ғылыми эксперименттік зерттеу барысы Не істеу керек?
1-семестр Теориялық кезең Зерттеу мақсат-міндеттерін, зерттеу мәселесін және зерттеу сұрақтарын тұжырымдау	Кіріспе - зерттеу мәселесі; -мақсат-міндеттері; -тақырып өзектілігі; -зерттеу сұрақтары; -терминдердің анықтамалары; -ғылыми жаңалығы; -теориялық құндылығы; -практикалық мәні; -зерттеу пәні мен нысаны; -зерттеу әдістері	Thomson Reuters, Scopus, Clarivate Analytics, Web of Science, Science Direct халықаралық ғылыми дерекқорларды пайдаланып, отандық және әлемдік дәрежедегі ғылыми зерттеу жұмыстарына шолу жасау, іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің әдіснамасы, әдістемесі және тәжірибе барысында көтеріліп жатқан мәселелер ауықымын зерттеу. Блум таксономиясы сұрақтарын басшылыққа алып, рефлексивтік күнделік кестесін құрастыру және оны зерттеу барысында жүйелі қолдану. Диссертация тақырыбының мақсаты, міндеттерін анықтап, зерттеу мәселесі және зерттеу сұрақтары болжамын жасау. Іс-әрекеттегі зерттеу жобасы әдіснамасын құру. Ғылыми жетекшімен тұрақты кері байланыс жасау. Зерттеу тақырыбы мәселесін шешуге бағытталған Зерттеу мәселесі, сұрақтары және жоба жоспары зерттеу барысында жетілдіріліп, өзгеріп отыруын есепке алу маңызды. Зерттеуге қатысушы топтардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін, қиындықтарын, оқу стилін, стратегияларын, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау мақсатында эксперименттік және бақылау топтарынан сауалнама, тест алу, нәтижелерін салыстырмалы тұрғыдан талдап, эксперименттік топқа қатысты зерттеу мәселесі және сұрақтарын тұжырымдау
ZOOM онлайн-конференция №1. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың жеке жұмыс жоспары есебін және презентациясын қорғауы, университет кафедра ұжымымен зерттеу мәселесін және сұрақтарын нақты тұжырымдауда коллаборативтік кері байланыс орнатуы. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар есебінің кафедра ұжымымен алдын ала жасалынған іс-әрекеттегі зерттеуі критерий рубрика негізінде бағалануы		

Іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдері	Магистрлік диссертация мазмұнының жобамен үйлесімділігі	Ғылыми эксперименттік зерттеу барысы Не істеу керек?
3 циклді қамтыған іс-әрекеттегі зерттеу жобасы Әрбір цикл жоспар құру-іс-әрекет-бақылау-рефлексия кезеңдерін қамтиды.		
2-семестр Іс-әрекеттегі зерттеу жобасының 1-циклінің стратегиялық жоспарын құру	Әдебиетке шолу Әдіснама	1-циклдік жоспар құру. Сабақтарды өту әдістемесі мен жалпы ғылыми-зерттеу әдіснамасының өзара байланысы негізінде әдебиетке қайта шолу жасау. Эксперименттік топтың таңдалған пәні силлабусы негізінде, 1-циклдің құрамына енетін сабақ тарауларын, сабақтар топтамасын зерттеу, зерделеу. Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтарының жоспары, өтілген сабақтардың рефлексивтік талдау кестесі, зерттеушінің рефлексивтік күнделік кестесін әзірлеу. Академиялық адалдық қағидалары шеңберінде ғылыми этикаға сай іс-әрекеттегі зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысын жобалау. Зерттеудің этикалық аспектісіне назар аудару, яғни объективті шындықты талап ету, зерттеу барысында адамгершілік, моральдік құндылықтарды ескеру, білімді дәлелдеу, плагиатты болдырмау. Зерттеу мәліметтерін жинауда қолданылатын әдістерді таңдау. Зерттеуге таңдалған әдістерді жүргізу, деректерді жинау, талдау, қорытындылау ережелерімен танысу. Пилоттық жоба жүргізу
ZOOM онлайн-конференция №2. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың диссертация тақырыбы аясында құрастырған іс-әрекеттегі зерттеу жобасының 1-циклі жоспары есебін және презентацияларын қорғауы, университет кафедра ұжымымен коллаборативтік кері байланыс орнатуы. Іс-әрекеттегі зерттеу жобасы жоспарының критерий рубрикасы негізінде бағалануы		
3-семестр Іс-әрекеттегі зерттеу Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтарының тізбектелген топтамасын өту	Әдістеме	Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың тізбектелген іс-әрекеттегі зерттеу сабақтарын жүргізуі. Ғылыми жетекші, бақылаушылар, студенттер, практика жетекшісінің өтілген сабақтарға кері байланыстары, магистрант-практиканттың өзіндік рефлексивтік талдауы, келесі сабақты жоспарлауы. ZOOM бейнетаспасына жазылған әрбір сабақты өз уақытында бақылап, эксперименттік топтың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау, зерттеу сұрақтары аясында туындаған жаңа сұрақтарды рефлексивтік күнделікке жазу, анықталынған қиындықтардың алдын алу мақсатында келесі сабаққа ұсыныстарды тұжырымдау. Инновациялық технологиялардың стратегияларын сабақтарда қолдану. Зерттеу барысында бастапқы зерттеу сұрақтары төңірегінде қосымша зерттеу сұрақтары туындауы немесе зерттеу сұрақтары өзгеруі ықтимал. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың сабақтарды өзіндік талдау, рефлексия жасау, өзіндік бағалау, өзіндік реттеу үрдісі.
Бақылау, бағалау	Зерттеу мәліметтерін жинау, талдау, талқылау, бағалау	Тестілеу, сауалнама, рефлексивтік күнделік, өтілген сабақтардың бейнетаспалары, сұхбаттар, білімгерлердің және ғылыми жетекші, бақылаушы магистранттардың кері байланыс парақшалары, білімгерлердің жұмыстары, критериялды бағалау парақшалары мәліметтерін талдау, талқылау, бағалау.
Рефлексия / Өзіндік рефлексия жасау	Зерттеу нәтижелері Қорытынды	Зерттеу мәселесі шешілді ме? Зерттеу сұрақтарына жауап табылды ма? Қандай нақты тұжырымдама, дәлелдер бар? Қандай теориялық идея, пікір немесе тұжырымдама қалыптасты? Қалай қалыптасты? Білімгерлер нені үйренді? Зерттеуші-практикант нені үйренді? Зерттеу басы және соңында анықталған эксперименттік және бақылау топтарының салыстырмалы нәтижелері қандай? Практика жетілдіріліп, жақсарды ма? Қандай жетістіктер, қиындықтар, ұсыныстар болды? Қандай өзгерістер бар? Іс-әрекеттегі зерттеу жобасы негізінде үздіксіз кәсіби және коллаборативтік оқу және даму үдерісі қалай жалғаспақ?
ZOOM онлайн конференция №3. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар 1-циклдің нәтижелерін талдау, рефлексия жасау есебінің презентациясын қорғайды, университет кафедра ұжымымен коллаборативтік кері байланыс орнатады, зерттеу критерий рубрикасы негізінде бағаланады, оларға ұсыныстар беріледі.		
Іс-әрекеттегі зерттеу жобасының 2-циклі (жоспар құру-іс-әрекет- бақылау-рефлексия)		
1-циклді талдау нәтижесінде зерттеу сұрақтарына жауаптар толығымен табылмаса, зерттеу қиындықтары туындаса немесе зерттеуші магистрант терең әрі қайталама циклдік ғылыми зерттеу жұмысын жандандырып, жаңа теориялық тұжырымдама ашуды мақсат етсе, 2-цикл жалғасады.		

Іс-әрекеттегі зерттеу кезеңдері	Магистрлік диссертация мазмұнының жобамен үйлесімділігі	Ғылыми эксперименттік зерттеу барысы Не істеу керек?
ZOOM онлайн-конференция №4. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың магистранттар 2-циклдің нәтижелерін талдау, рефлексия жасау нәтижелері есебі презентациясын қорғайды, университет кафедра ұжымымен коллаборативтік кері байланыс орнатады. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың магистранттардың есебі кафедра ұжымымен алдын ала жасалынған іс-әрекеттегі зерттеу критерий рубрикасы негізінде бағаланады, ұсыныстар беріледі.		
Іс-әрекеттегі зерттеу жобасының 3-циклі (жоспар құру-іс-әрекет-бақылау-рефлексия)		
2-цикл барысында жиналған мәліметтерді талдау, талқылау, қорытындылау нәтижесінде қосымша сұрақтар туындаса, зерттеу мәселесі толық шешілмесе 3-цикл жалғасады.		
Іс-әрекеттегі зерттеу жобасының қайталама 3 цикл нәтижелерін жинақтай отырып, талдау жасау. Зерттеу соңында бақылау және эксперименттік топтардан тест алып, сауалнама жүргізу. Мәліметтерді жинап, салыстырмалы талдауды кесте таблицалармен ұсыну, талқылау, рефлексия жасау, бағалау. Ғылыми зерттеу тақырыбы аясында іс-әрекеттегі зерттеу жобасының инновациялық моделін, іс-әрекеттегі зерттеу портфолиосын әзірлеу.		
ZOOM онлайн-конференция №5. Презентация қорғау, университет кафедра ұжымымен коллаборативтік кері байланыс орнату, магистранттардың есебін зерттеу критерий рубрикасы негізінде бағалау, ұсыныстар беру.		
4-семестр Магистрлік диссертация жазба жұмысын өзіндік бағалау	Қорытынды жасау	Зерттеу мәселесі, сұрақтары шешімдерінің тұжырымдамасын, шектеулерін ұсыну, магистрлік диссертация жұмысының теориялық құндылығын, практикалық мәнін дәлелдеу. Зерттеуші магистранттың әлеуметтік жеке тұлға ретінде өзгеруі, коммуникативтік, кәсіби, педагогикалық креативтік, әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігінің дамуы. Зерттеу нәтижелерін жариялау (вебинар, семинар, тренинг, коучинг, мақала, әдістемелік нұсқаулық, презентация, жоба, модель нұсқасын ұсыну).
	Ұсыныстар	
	Қолданылған әдебиеттер тізімі	
	Қосымшалар	Тест, сауалнама, сұхбат үлгілері, жоба модельдері, суреттер, кестелер, студенттердің жұмыстары, кері байланыс парақшалары, ОБСӨЖ, СӨЖ жұмыстары
ZOOM онлайн-конференция №6. Презентация қорғау, университет кафедра ұжымымен коллаборативтік кері байланыс орнату.		
	Академиялық жазба	Диссертация жұмысын жазуды жалғастыру, ретке келтіру, талқылау, бағалау, рефлексия жасау. Мақалалар жазу.



1-сурет – Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың метатанымдық дағдысының өзгеру деңгейі

Қорытынды

Ғылыми-зерттеу бағыты аясында теориялық білім және педагогикалық практика мәселелерін шешу жолдары ішінен сараланып таңдалған іс-әрекеттегі зерттеу жобасын Қазақстан ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасына тізбектеп енгізу ұсынысы ZOOM платформасында жүргізілген 3 циклдік эксперименттік тәжірибе арқылы өзінің тиімділігін дәлелдейді. Жаңашыл білім беру үдерісімен ұштасқан ғылыми-зерттеу бағытында инновациялық педагогикалық технология модельдерін жасап, Қазақстанның педагогикалық білім беру мазмұнын жаңартуда AR жобасын жетілдіріп, қолдану ұтымды. Дәлірек айтсақ, 3 циклдік AR әдіснамасының теориялық білімін ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасының төртінші курс

студенттерінің оқу үрдісіне пән ретінде енгізу, практикалық тағылымнамасына AR жобасын кіріктіру маңызды. AR жұмыстарын мектептерде жүйелендіру, тұрақтандыру мақсатында мектеп-университет ынтымақтастық қауымдастық желісін құру қажет, ал бірінші және екінші курс магистранттарының AR жобасы аясында диссертация тақырыптарын зерттеуі, зерделеуі диссертация жұмыстарының теориялық және практикалық тұрғыдан сапалы болуына ықпал етеді.

АЛҒЫС

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09261132).

Әдебиеттер

1. Nagibova, G. (2019). Professional Development: The Challenges of Action Research Implementation in Kazakhstan. *International Academy Journal Web of Scholar*, 2(9 (39)), 17-24. Gulzina Nagibova (2019). PROFESSIONAL DEVELOPMENT: THE CHALLENGES OF ACTION RESEARCH IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN. *International Academy Journal Web of Scholar*, 2 (9 (39)), 17-24. doi: 10.31435/rsglobal_wos/30092019/6691
2. Mukhtarova, A., & Smith, A. (2014). Aspiring International Standards: challenges and outcomes of project management in the context of Kazakhstan Higher Education. *Life Science Journal*, 11(6), 218-222. <https://doi.org/10.5281/zenodo.41771>
3. Pearson, J. (2017). Who is afraid of Action Research: the risky practice of immanent critique. *Language Scholar Journal*, 1(1), 2-21.
4. Ellis, N., & Loughland, T. (2016). The challenges of practitioner research: A comparative study of Singapore and NSW. *Australian Journal of Teacher Education*, 41(2). <http://dx.doi.org/10.14221/ajte.2016v41n2.8>
5. Kunlasomboon, N., Wongwanich, S., & Suwanmonkha, S. (2015). Research and development of classroom action research process to enhance school learning. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 171, 1315-1324. doi: 10.1016/j.sbspro.2015.01.248
6. Dehghan, F., & Sahragard, R. (2015). Iranian EFL teachers' views on action research and its application in their classrooms: A case study. *Journal of Teacher Education and Educators*, 4(1), 39-52. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/en/pub/jtee/issue/43261/525466>
7. Ulla, M. B. (2018). Benefits and challenges of doing research: Experiences from Philippine public school teachers. *Issues in Educational Research*, 28(3), 797-810. <http://www.iier.org.au/iier28/ulla.pdf>
8. Vaughan, M., & Burnaford, G. (2016). Action research in graduate teacher education: A review of the literature 2000–2015. *Educational Action Research*, 24(2), 280-299. DOI: 10.1080/09650792.2015.1062408
9. Zuber-Skerritt, O. and Perry, C. (2002), "Action research within organisations and university thesis writing", *The Learning Organization*, Vol. 9 No. 4, pp. 171-179. <https://doi.org/10.1108/09696470210428895>
10. Eden, C., & Ackermann, F. (2018). Theory into practice, practice to theory: Action research in method development. *European Journal of Operational Research*, 271(3), 1145-1155. <https://doi.org/10.1016/j.ejor.2018.05.061>
11. Rogers, D., Bolick, C. M., Anderson, A., Gordon, E., Manfra, M. M., & Yow, J. (2007). "It's about the Kids": Transforming Teacher-Student Relationships through Action Research. *The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas*, 80(5), 217-222. <https://doi.org/10.3200/TCHS.80.5.217-222>
12. Zuber-Skerritt, O. (1991/1996.) (Ed.). *Action research for change and development*. Avebury.
13. Zuber-Skerritt, O., & Fletcher, M. (2007). The quality of an action research thesis in the social sciences. *Quality Assurance in Education*, 15(4), 413-436. DOI 10.1108/09684880710829983
14. Rizakhojayeva, G. A., & Ibadullayeva, N. S. (2020). Educational Action Research as a Powerful Vehicle for Transformation. *ХАБАРШЫСЫ*, 71. DOI 10.31489/2020Ped2/71-79
15. Hine, G. S. (2013). The importance of action research in teacher education programs. *Issues in Educational research*, 23(2), 151-163.
16. Spencer, J. A., & Molina, S. C. (2018). Mentoring graduate students through the action research journey using guiding principles. *Educational Action Research*, 26(1), 144-165. DOI:10.1080/09650792.2017.1284013

- 17 Прохорова И.К. Роль педагогической практики в формировании профессиональных компетенций будущих педагогов // Евразийский союз ученых. – 2015. – №. 11-2 (20). – С. 56-58.
18. Федина Н.В. и др. Проблемы педагогической практики и пути их решения // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Проблемы высшего образования. – 2016. – №. 3. – С. 75-81.
19. Абыкенова Д.Б., Асаинова А.Ж. Проблема формирования информационно-коммуникационной компетентности магистранта как будущего научно-педагогического работника: опыт Казахстана // Science for Education Today. – 2017. – Т. 7. – №. 1. – С. 34-48.
20. Землянская Е.Н., Ситниченко М.Я. Модель углубленной профессионально-ориентированной практики магистрантов психолого-педагогического образования // Преподаватель XXI век. – 2015. – Т. 1. – №. 2. – С. 107-138.
21. Бороненко Т.А., Федотова В.С. Содержание педагогической практики бакалавров и магистрантов направления «Педагогическое образование» // Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. Серия: Филология, педагогика, психология. – 2014. – №. 11. – С. 87-101.
22. Национальный доклад по науке. – Нур-Султан; Алматы, 2019. – 250 с.
23. Абилов Р. Е., Жумаканова У. С. Проблемы модернизации педагогического образования в Республике Казахстан // Молодой ученый. – 2019. – №. 11. – С. 226-228.
24. Burns, A. (2005). Action research: An evolving paradigm? *Language teaching*, 38(2), 57-74. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0261444805002661>
25. Kemmis, S., McTaggart, R., & Nixon, R. (2014). The action research planner: Doing critical participatory action research. DOI 10.1007/978-981-4560-67-2
26. McKernan, J. (1996). *Curriculum action research: A handbook of methods and resources for the reflective practitioner*. Routledge. Kogan Page Limited.
27. McNiff, J., & Whitehead, J. (2011). *All you need to know about action research*. Sage Publications.
28. McNiff, J. (2016). *You and your action research project*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315693620>
29. Cohen, L., Manion, L., & Morrison, K. (2018). *Research Methods in Education*. London. Taylor Francis.
30. Gomez, J. C. (2020). Development of EFL Teachers' Pedagogical Content Knowledge through Action Research in a Master's Program. *Problems of Education in the 21st Century*, 78(4), 533-552. <https://doi.org/10.33225/pec/20.78.533>
31. Spencer, J. A., & Molina, S. C. (2018). Mentoring graduate students through the action research journey using guiding principles. *Educational Action Research*, 26(1), 144-165. DOI: 10.1080/09650792.2017.1284013
- 32 Carr, W., & Kemmis, S. (2003). *Becoming critical: education knowledge and action research*. Routledge.

References

- Abil, R. E., & Zhumakanova, U. S. (2019). Problemy modernizatsii pedagogicheskogo obrazovaniia v Respublike Kazakhstan [Problems of modernization of pedagogical education in the Republic of Kazakhstan]. *Molodoi uchenyi*, no. 11, pp. 226-228. (In Russian)
- Abykenova, D. B., & Asainova, A. Zh. (2017). Problema formirovaniia informatsionno-kommunikatsionnoi kompetentnosti magistranta kak budushchego nauchno-pedagogicheskogo rabotnika: opyt Kazakhstana [The problem of formation of information and communication competence of a graduate student as a future scientific and pedagogical worker: the experience of Kazakhstan]. *Science for Education Today*, Vol.7, no 1, pp 34-48. DOI: 10.15293/2226-3365.1701.03 (In Russian)
- Boronenko, T. A., & Fedotova, V. S. (2014). Soderzhanie pedagogicheskoi praktiki bakalavrov i magistrantov napravleniia «Pedagogicheskoe obrazovanie» [The content of pedagogical practice of bachelors and undergraduates of the direction "Pedagogical education"]. *Vestnik Baltiiskogo federalnogo universiteta im. I. Kanta. Serii: Filologiya, pedagogika, psikhologiya*, no 11, pp. 87-101. (In Russian)
- Burns, A. (2005). Action research: An evolving paradigm?. *Language teaching*, 38(2), 57-74.
- Carr, W., & Kemmis, S. (2003). *Becoming critical: education knowledge and action research*. Routledge.
- Cohen L., Manion L., Morrison K. (2018). *Research methods in education*. – Routledge, 945 с.
- Dehghan, F., & Sahragard, R. (2015). Iranian EFL teachers' views on action research and its application in their classrooms: A case study. *Journal of teacher education and educators*, 4(1), 39-52.
- Eden, C., & Ackermann, F. (2018). Theory into practice, practice to theory: Action research in method development. *European Journal of Operational Research*, 271(3), 1145-1155.
- Ellis, N., & Loughland, T. (2016). The challenges of practitioner research: a comparative study of Singapore and NSW. *Australian Journal of Teacher Education*.
- Fedina, N. V., Burmykina, I. V., Ziautdinov, V. S., Kretov, D. V., & Smirnov, M. Iu. (2016). Problemy pedagogicheskoi praktiki i puti ikh resheniia [Problems of pedagogical practice and ways to solve them.]. *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Serii: problemy vysshego obrazovaniia*, no 3, pp.75-81. (In Russian)
- Gomez, J. C. (2020). Development Of Efl Teachers' Pedagogical Content Knowledge Through Action Research In A Master's Program. *Problems of Education in the 21st Century*, 78(4), 533-552.
- Hine, G. S. (2013). The importance of action research in teacher education programs. *Issues in Educational research*, 23(2), 151-163.
- Kemmis, S., McTaggart, R., & Nixon, R. (2014). *The action research planner: Doing critical participatory action research*.
- Kunlasomboon, N., Wongwanich, S., & Suwanmonkha, S. (2015). Research and development of classroom action research process to enhance school learning. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 171, 1315-1324.

- Mckernan, J. (1996). *Curriculum Action Research. a Handbook of Methods and Resources for The Reflective Practitioner*. Kogan Page Limited.
- McNiff, J. (2016). *You and your action research project*. Routledge.
- McNiff, J., & Whitehead, J. (2011). *All you need to know about action research*. Sage Publications.
- Mukhtarova, A., & Smith, A. (2014). *Aspiring International Standards: challenges and outcomes of project management in the context of Kazakhstan Higher Education*. *Life Science Journal*, 11(6), 218-222.
- Nagibova, G. (2019). *Professional Development: the Challenges of Action Research Implementation in Kazakhstan*. *International Academy Journal Web of Scholar*, 2(9 (39)).
- Natsionalnyi doklad po nauke (2019) [National Science Report]. – Nur-Sultan; Almaty, P. 250 . (In Russian)
- Pearson, J. (2017). *Who is afraid of Action Research: the risky practice of immanent cri-tique*. *Language Scholar Journal*, 1(1), 2-21.
- Prokhorova, I. K. (2015). *Rol pedagogicheskoi praktiki v formirovanii professionalnykh kompetentsii budushchikh pedagogov* [The role of pedagogical practice in the formation of professional competencies of future teachers]. *Evraziiskii soiuz uchenykh*, Vol.20, no 11-2. (In Russian)
- Rizakhojayeva, G. A., & Ibadullayeva, N. S. (2020). *Educational Action Research as a Powerful Vehicle for Transformation*. *KhABARShYSY*, 71.
- Rogers, D., Bolick, C. M., Anderson, A., Gordon, E., Manfra, M. M., & Yow, J. (2007). “ It’s about the Kids”: *Transforming Teacher-Student Relationships through Action Research*. *The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas*, 80(5), 217-222.
- Spencer, J. A., & Molina, S. C. (2018). *Mentoring graduate students through the action research journey using guiding principles*. *Educational Action Research*, 26(1), 144-165.
- Spencer, J. A., & Molina, S. C. (2018). *Mentoring graduate students through the action research journey using guiding principles*. *Educational Action Research*, 26(1), 144-165.
- Ulla, M. B. (2018). *Benefits and challenges of doing research: Experiences from Philippine public school teachers*. *Issues in Educational Research*, 28(3), 797-810.
- Vaughan, M., & Burnaford, G. (2016). *Action research in graduate teacher education: A review of the literature 2000–2015*. *Educational Action Research*, 24(2), 280-299.
- Zemlianskaia, E. N., & Sitnichenko, M. Ia. (2015). *Model uglublennoi professionalno-orientirovannoi praktiki magistrantov psikhologo-pedagogicheskogo obrazova-niia* [The model of in-depth professionally-oriented practice of undergraduates of psychological and pedagogical education]. *Prepodavatel XXI vek*, Vol 1, no 2, pp. 107-138 (In Russian)
- Zuber-Skerritt, O. (Ed.). (1991/1996). *Action research for change and development*. Avebury.
- Zuber-Skerritt, O., & Fletcher, M. (2007). *The quality of an action research thesis in the social sciences*. *Quality Assurance in Education*.
- Zuber-Skerritt, O., & Perry, C. (2002). *Action research within organisations and university thesis writing. The learning organization*.